

ЖАРЫС АЛАҢЫНДА – ЕМБІЛІКТЕР



1, 4, 5

КӘСІПОДАҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАҢА
ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ



3

БЕЗОПАСНОЙ ДОРОГИ!



6



Embi ТЫНЫСЫ

№10 (94)
ШІЛДЕ
2022 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



ЖАРЫС АЛАҢЫНДА - ЕМБІЛІКТЕР

20-26 маусым күндері аралығында Атырауда «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер арасында спартакиада өтті. Спорттың 5 түрінен өткен жарысқа 200-ге жуық қызметкер қатысты.

(Басы. Соңы 4-5 беттерде)



Бас компаниялар жаңалықтары

ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР – ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ БІРІНШІ HEALTH&SAFETY ФОРУМЫН ӨТКІЗДІ



«Самұрық-Қазына» қоры тәжірибе және озық өнегемен алмасу, орын алған түйткілдерді талдау, сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласында жаңа ірі сараптама алаңын құру мақсатында алғашқы Health&Safety форумын ұйымдастырды. Сөз тізгінін ұстаушылар ретінде мемлекеттік органдардың өкілдері, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының өндірістік компанияларының, халықаралық ұйымдардың топ-менеджерлері және тәуелсіз сарапшылар ойларын ортаға салды. Айта кетейік, Нұр-Сұлтан қаласында өткен аталған шараға «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржан мен онлайн форматта ЕМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті блогының қызметкерлері қатысты.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев форум қонақтарын қарсы ала отырып, қатысушылармен бүгінгі таңда Қор тобында еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бағыты бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижелерімен бөлісті, сондай-ақ 2022-2026 жылдарға арналған сын-тегеуріндер туралы

әңгімеледі. «Қор көптеген жылдар бойы қауіпсіз өндіріс құндылықтары мен тәсілдерін ілгерілетуге күш-жігер мен ресурстар бөліп келеді. Дегенмен, біз өз кәсіпорындарымызда нөлдік жарақаттануға қол жеткізу бойынша мақсатты көрсеткіштерден әлі де алыспыз. Жыл қорытындысы бойынша тиісті компаниялардың Директорлар

кеңестерінің алдына өндірістік қауіпсіздік саласында бірінші басшылардың жүргізген жұмысы туралы сұрайтын боламыз. Кәсіпорын қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен және жалпы Қор үшін басты құндылық болып табылады және барлық қатысушыға әрбір жазатайым оқиғаны ерекше бақылауда ұстайтынды ескерткім келеді», - деп атап өтті Алмасадам Сәтқалиев.

Форум жұмысына халықаралық ұйымдар мен компаниялардың өкілдері қатысып, еңбекті қорғау саласындағы әлемдік жетістіктер туралы мәліметпен бөлісті. Форум спикерлері арасында ОРП (Халықаралық тәуекелдерді алдын алу қоры), EBRD (Еуропалық қайта құру және даму банкі), EVERYCO Central Asia Kazakhstan, IOSH (Қауіпсіздік техникасы және денсаулықты қорғау институты), NEBOSH (Ұлыбританияның еңбекті

қорғау жөніндегі ұлттық емтихан кеңесі), ОРПО және басқа да белді тарап сарапшылары болды. Қор өкілдері өндірістік компанияларда соңғы төрт жылда жұмыс уақытын жоғалтатын жарақат коэффициентінің 24%-ға төмендеуіне қол жеткізілгенін атап өтті. Зардап шеккендер саны 35%-ға азайды: 2018 жылғы 165-тен 2021 жылы 108-ге дейін. Қорда және портфельдік компанияларда еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын мониторингiлеу үшін үдерістерді автоматтандыру және цифрландыру, қызметкерлерді оқыту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Аталған бағытты дамытуда 2022 жыл «Самұрық-Қазына» АҚ тобында Қауіпсіздік жылы болып жарияланғаны маңызды рөл атқарды.

(Ақпарат www.sk.kz сайтынан алынды)

Марапат

ЕҢБЕК ЕЛЕНУІМЕН ҚҰНДЫ

Жуырда Қоршаған ортаны қорғау бүкіләлемдік күні мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Салима Абитова «ҚазмұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ естелік белгісімен және аталған бөлімнің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аға инженері Бақытжан Қанатбаев Құрмет грамотасымен марапатталды.

Әріптестерге марапаттарын ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан табыстады.

Марапат иелерін құттықтаймыз!



Встреча

Тема подготовки кадров для нефтяной отрасли стала основной на встрече руководства АО «Эмбаунагаз» с представителями технологического университета PETRONAS (Малайзия). Делегация преподавателей во главе с проректором, доктором Мохамедом Ибрагимом Абдулом Муталибом посетила офис Эмбаунагаз в рамках визита в атырауский регион.

В начале встречи Председатель Правления АО «Эмбаунагаз» Есен Каиржан вкратце остановился на истории нефтяной компании, ее нынешней деятельности и достигнутых успехах.

Присутствовавшая в числе гостей ректор Атырауского института нефти и газа им. С.Утебаева Гульзада Шауликова рассказала о реализации совместных, между двумя вузами, проектов в сфере высшего образования. Также руководитель местного университета выразила благодарность руководству АО «Эмбаунагаз» за действенное сотрудничество и поддержку образовательных инициатив.

Технологический университет PETRONAS (UTP) принадлежит одноименной национальной

ЧТО ЗАИНТЕРЕСОВАЛО УЧЕНЫХ ИЗ МАЛАЙЗИИ В ЭМБАМУНАЙГАЗЕ?



малайзийской нефтегазовой компании, активы которой представлены в 37 странах мира. Как сообщил доктор Мухамед Ибрахим, основной специализацией UTP остаются науки и технологии, на базе трех его факультетов можно изучать различные отрасли инженерии, ИТ, геофизики и механики. На сегодня вуз выпустил более 14.000 специалистов, большая часть из которых успешно

трудится в нефтегазовом секторе, в том числе, в ведущих мировых нефтяных компаниях.

В ходе двустороннего диалога был обсужден ряд вопросов касательно подготовки специалистов для нужд нефтегазовой отрасли.

Затем гостям показали Центр визуализации производственных процессов. Ученые из Малайзии проявили живой интерес к цифровым проектам, реализуемым в Эмбаунагазе.

Есеп беру

КӘСІПОДАҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ



ЕМГ орталық аппаратының кәсіподақ комитеті төрағасы А.Жұмабаев



«Ембімұнайгаз» АҚ Басқару аппараты қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының есеп беру – қайта сайлау жиналысы өтті. Оған Орталық басқару аппаратындағы ұйым мүшелері мен басшылық құрам қатысты.

Жиналыстың күн тәртібінде 5 мәселе қаралып, аталмыш ұйымның өкілетті уақыты аяқталуына байланысты атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды. Сонымен қатар, басқару аппараты кәсіподақ ұйымының жаңа төрағасы мен комитеттің мүшелерін сайлау және тағы басқа ұйымдастыру жұмыстары талқыланды.

Орталық басқару аппараты кәсіподақ комитеті төрағасының міндетін атқарушы Әнуарбек Каримов ұйымның жұмысына жан-жақты тоқтала отырып, көпшілік тарапынан болған сауалдарға жауап берді.

Басқару аппараты кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасына 3 адамның кандидатурасы ұсынылып, ашық дауыс беру әдісімен ЕМГ Қаржы департаменті қазынашылық қызметінің жетекші аналитигі Асылбек Жұмабаев көпшілік дауыспен сайланды.

Кәсіподақ комитетінің жаңа құрамын сайлау мәселесі талқыға түскенде, залға жиналғандар жоғары белсенділік танытты. Жиналыс бекіткен комитеттің құрамына (оның саны – 8 – ред.) 17 адамның кандидатурасы ұсынылып, ашық дауыс беру арқылы комитеттің жаңа құрамы анықталды. Нәтижесінде көп дауыс жинаған 8 адам Орталық басқару аппараты кәсіподақ комитетінің құрамы болып бекітілді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан мен компанияның Кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат Нсанбаев Орталық басқару аппараты кәсіподақ комитетінің жұмысын тоқтатып жатқан бұрынғы құрамының мүшелеріне алғыс айтып, жаңа құрамға табысты еңбек тіледі.

Ембі-100

ӘР ЕМБІЛІКТІҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖЕТЕР ӘН

Жуырда өткен қайырымдылық концертінде қарт Ембінің 100 жылдығына орай арнайы шығарылған гимннің тұсауы кесілгенін хабарлаған болатынбыз.

Талай ән мен жырға, дастандарға арқау болған мұнайшылардың мәртебесін көтеруге арналған гимннің авторлары – жергілікті өнер иелері. Гимннің сөзін жазған, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Махамбет сыйлығының иегері, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты - Әлия Дәулетбаева, музыкасын жазған - белгілі композитор, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Болат Қошаманов.

Тарихы тереңде жатқан кәсіпорынның ғасырлық тойына арналып шыққан гимні әлі де талай жылдар бойы ембілік мұнайшылардың зор ықыласпен, ерекше көңілмен айтып жүретін әні боларына сеніміміз мол.

Болат ҚОШАМАНОВ, белгілі композитор, гимн авторының бірі:

«Ең сәтті шыққан еңбегімнің бірі болды»

Бұл менің алғашқы туындым емес. Бұған дейін де бірнеше гимндердің музыкасын жаздым.

Енді қазыналы «Ембімұнайгаз» компаниясының 100 жылдығына орай гимн жазуға кіріскенде, алдымен, жай темпте жаздым. Кейін тапсырысшылардың ұсынысымен стильді өзгертуге тура келді.

Мен үшін өте қызықты жұмыс болды. Өйткені, мұнайшылардың өр рухын, қайсарлығын осы туынды арқылы жеткізу – басты мақсат еді.

Оранжировкаға домбыра, гитара үнін қостық. Музыкасын жазған соң, әр нотаны орны орнына келтіру, дыбысты күшейту, төмендету жұмыстары Алматы қаласында жүргізілді. Ол да бір үлкен жұмыс болды.

Әр әннің жемісі – тыңдарманға жетуі, тыңдарманның қабылдауы. Гимннің тұсаукесер рәсіміне өзім де қатыстым. Мұнайшылар жылы қабылдады. Біз үшін маңыздысы сол – үлкен баға, мәртебе. Осындай сәтті жұмыстардан кейін шабыт тасып, тағы да жаңа туындылар жасағың келе береді.

Қазақ мұнайының қарашаңырағы – Ембінің 100 жылдығын атап өтуде өз қолтаңбамды қалдырғанымды мен де мақтан етемін.

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА, Махамбет сыйлығының иегері, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, гимн авторының бірі:

«Елдің тойы құтты болсын»

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның гимнінің сөзін жазуда басты назарда ұстаған нәрсе – ғасырлық тарихы бар алып өндірістің образын, жалпы Атырау мұнайшыларының бейнесін аз ғана сөзге сыйдыру болды.

Мұнайшылар туралы жазылған жыр-дастандар баршылық. Сонау сұрапыл соғыс кезіндегі Асқар Тоқмағамбетовтың «Мұнайшылар, мұнай бер, соны сенен сұрайды ел» деген жалынды үндеуінен бері де біраз уақыт өтті. Аптап ыстықта, ақкөз боранда табиғатпен жекпе-жек қалып, жер қойнынан мұнай өндіретін мұнайшылардың ерлігіне бас июге болады.

Ғылым мен техника дамыды дегенмен, мұнайлы өңірдің, мұнайшы қауымның өз дәстүрі, өз жолы бар. Гимн сөзін жазу барысында мүмкіндігінше қарапайым, жаттауға оңай, жүрекке жылы орамдарды қамтуға тырыстық.

Ембіліктердің ғасыр тойы – елдің тойы. Гимн ғұмырлы, ел мақтанышы – «Ембімұнайгаз» тұғырлы болсын!



«Ембімұнайгаз» АҚ гимні

1) Алтын аймақ - Атырау
Жарқын аймақ - Атырау.
Сенің дархан төсінде
Шалқар байлық жатыр-ау.

Жанартаудай атылған,
Кара алтынды сапырған.
Қарашүңгіл, Жем, Доссор,
Айналайын атыңнан.

Қайырмасы:

Біз – ембілік өренбіз,
Биікпіз, тереңбіз
Еңбекте еренбіз.

Біз – мерейлі сапарда
Мұнайшы атанған
Ерлерміз қаһарман.

2) Көкке құлаш сермеген
Қоңыр самал тербеген.
Мұнайлы өңір төрінде
Мұнаралар көлбеген.

Атамекен аймағым,
Ғасыр тойын тойладың.
Ембімұнай көтерген
Ұлы еңбектің байрағын.



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

- «Ембімұнайгаз» АҚ-да жұмысшылардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға баса басымдық беріледі. Осы орайда, компанияшілік спартакиада жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Биылғы жарыс Ембінің 100 жылдығына орайластырылып отыр. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың тамыз айында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның еншілес мекемелері арасында өтетін спартакиадаға іріктеу турнирі болып табылады. Бір апта бойы бізге спорттық мерекелік көңіл-күй сыйлаған командаларға алғысымызды білдіреміз, - дейді **ЕМГ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық КАЛИДУЛЛИН**.

Атап өту керек, қатысушылардың дайындығы мен ынтасына көңіл толды. Әр команданың бапкерлері өз құрамын жақсы дайындықпен әкелген. Спартакиаданың қызықты өтуіне жанкүйерлердің белсенділігі себеп болды. Жан-жақты дайындалған спортшылар жеңіс тұғырынан көрінуге барын салды.

«Атырау» дене шынықтыру-сауықтыру кешені, «Атырау» теннис орталығы, «Мұнайшы» жүзу бассейні мен орталық стадионы, «Jusan Arena» спорт кешенінде ұйымдастырылған ойындардың әділ өтуін арнайы төрешілер бақылады.

ЖАРЫС АЛАҢЫНДА - ЕМБІЛІКТЕР



Спартакиада қорытындысына тоқталсақ:

Волейбол (ерлер арасында):

- I орын** - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ командасы
- II орын** - «Қайнармұнайгаз» МГӨБ командасы
- III орын** - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командасы

Волейбол (әйелдер арасында):

- I орын** - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командасы
- II орын** - «Орталық басқару аппараты» командасы
- III орын** - «Доссормұнайгаз» МГӨБ командасы

Баскетбол (ерлер арасында):

- I орын** - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ командасы
- II орын** - «Қайнармұнайгаз» МГӨБ командасы
- III орын** - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командасы

Ерлер арасында жүзу (40 жасқа дейін):

- I орын** - Миллат Идрисов («Ембімұнайэнерго» басқармасы)
- II орын** - Азамат Ермұханов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
- III орын** - Марсель Аккушимов («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

Ерлер арасында жүзу (40 жастан жоғары):

- I орын** - Ақылбай Елемесұлы («Ембімұнайэнерго» басқармасы)
- II орын** - Әсет Қайров («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
- III орын** - Айболат Ахметов («Доссормұнайгаз» МГӨБ)





Әйелдер арасында жүзу:

I орын – Гүлбаршын Саркулова («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Әйгерім Талғатқызы («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

Жеңіл атлетика (400 м ерлер арасында):

I орын – Әлібек Шыныбаев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Жұмабай Молдашұлы («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

III орын – Батырбек Джунусов («Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы)

Жеңіл атлетика (100 м әйелдер арасында):

I орын – Жанар Сәрсенғалиева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

II орын – Айнұр Танкашева (Орталық басқару аппараты)

III орын – Ұлпан Тұрғанбайқызы (Орталық басқару аппараты)

Жеңіл атлетика (400 м эстафета):

I орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ

II орын – Орталық басқару аппараты

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ

Үлкен теннис:

I орын – Ғазиз Қаражігітов («Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы)

II орын – Асхат Ғинаятов (Орталық басқару аппараты)

III орын – Жазылбек Құлбаев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)



Жарыстар жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы медаль, кубок және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Айта кетейік, ҚМГ АҚ-ның еншілес мекемелері арасындағы спартакиада биыл тамыз айында Атырауда өтеді.

КӨРКЕЙІП, ГҮЛДЕНГЕН ЕЛОРДА!

Құрметті әріптестер! Тәуелсіз Қазақстанның теңдессіз жауһары – астана күнімен құттықтаймыз!

Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдаған болатын. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткен еді. 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алған елорда бүгінде самұрық құсындай қанатын кеңге самғап келеді. Қазақстанның бас қаласы – 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі.

Ел астанасын ауыстыру бас қаланың экономикалық дамуына қуатты серпін берді. Елордамыз қысқа мерзім ішінде жалпыұлттық идея мәртебесіне ие болып, жас мемлекеттің Тәуелсіздігінің символына және жаһандық табысына айналды.

Газетіміздің бүгінгі санында көркейіп, гүлденген астанамыздың бүгінгі келбеті фотоэтиюд жариялауды жөн көрдік. Суреттер интернеттен алынды.



Производство

БЕЗОПАСНОЙ ДОРОГИ!

В «ЭМБАМУНАЙГАЗЕ» РАЗВИВАЮТ ЦИФРОВУЮ СИСТЕМУ УПРАВЛЕНИЯ ТРАНСПОРТОМ

На 62% сократились нарушения с превышением скорости на автотранспорте и спецтехнике (АТС) АО «Эмбаунайгаз» по итогам 2021 года, в сравнении с 2020-м. Таков один из результатов цифрового проекта «Управление поездками», который реализуется в компании.



В целом, внедрение системы для повышения уровня безопасности и эффективности управления транспортом в ЭМГ ведется поэтапно с 2012 года. Эти вопросы являются приоритетными для компании, которая разрабатывает 32 месторождения, раскиданных на большой территории в четырех районах Атырауской области.

В 2020 году было принято решение о включении инициативы по созданию единого сервиса по мониторингу транспортных средств в Программу цифровой трансформации «КазМунайГаза». Сегодня система высокими темпами развивается в операционной деятельности Эмбы.

«На первом этапе проекта была внедрена информационная система

«Учет транспортного обеспечения». В ней мы автоматизировали формирование путевых листов и маршрута поездки, подбор транспортного средства и водителя согласно заявке и видам работ, расчет и мониторинг расхода/остатка топлива, мониторинг технического обслуживания», - говорит руководитель транспортной службы ЭМГ Малик Торесаев. - Благодаря этому процесс транспортного обеспечения стал полностью прозрачным. Повысилась эффективность планирования выездов и использования АТС в производстве, сократилось время простоев.

Весь автопарк компании подключен к платформе GPS-мониторинга. На машинах установлены датчики, которые в режиме онлайн фиксируют скорость,

использование водителем ремня безопасности, включение фар, резкое ускорение и торможение, а также геолокацию. Все эти данные собираются во внедренной на предприятии системе «Управление поездками» и отображаются на специализированных дэшбордах в Центре визуализации производственных процессов в головном офисе ЭМГ и нефтегазодобывающих управлениях.

«Таким образом, сегодня мы можем ежедневно с 8 утра и до 8 часов вечера отслеживать трафик АТС, оперативно реагировать на нарушения водителей и принимать соответствующие меры» - продолжает М. Торесаев - Помимо профилактики нарушений, ведется работа по повышению мотивации водителей к безопасной езде. Внедрен рейтинг на основе бальной оценки по стилю вождения и зафиксированным нарушениям. Два года подряд на основе рейтинга мы награждаем 20 лучших водителей.

Осенью прошлого года в ЭМГ приступили к созданию модуля системы, контролирующего отклонение от заданного маршрута. На электронной карте месторождений были нанесены все производственные объекты, по которым курсирует транспорт. Зафиксированы и протестированы соответствующие маршруты с указанием посещения транспортом того или иного объекта.

В текущем году данный модуль внедрен в систему «Учет транспортного обеспечения». Благодаря этому, если водитель не посетил обозначенный

объект или нарушил маршрут, работники ЭМГ, следящие за движением транспорта, мгновенно получают уведомления. При объективных причинах отклонения от маршрута профильные инженеры могут внести в систему необходимые пояснения. В противном случае, с водителем проводится профилактическая беседа и снижается его рейтинг. Для контроля работы водителей вне производственной территории ЭМГ в системе создан справочник дополнительных объектов (водозаборные пункты, АЗС и др.) и маршруты к ним.

Параллельно компания предпринимает и другие меры по повышению уровня безопасности. В частности, установлено более 590 дорожных знаков по ограничению скоростного режима на дорогах производственных структурных подразделений ЭМГ (трасса, населенный пункт, промышленные маршруты, внутри месторождения, мосты).

Что касается системы «Управление поездками», то сейчас в ней накапливается большой массив данных по затрачиваемому времени на выполнение спецтехники определенных работ, на проезд по маршруту и загрузке транспорта по видам. Все это помогает проводить постоянный анализ и вырабатывать предложения для управления транспортом в Эмбе, чтобы обеспечить безопасность дорожного движения и снижение затрат.

Ақындыққа қадам басқаннан, екіншісі біріне бас шұлғи бермейтін халықтың көңілінен шығып, жан сарайымызды жырымен сусындатқан, жұрт жадында мәңгі өшпес мұра қалдырған, өзі де өмір қызығына қанбай кеткен ақын Мұқағали, науқасы меңдеген кездерінде болса керек:

*Өмір дегенге
Тірлікте сірә жетер ме ой!
Жарық сәуледен
Басқаның бәрі бекер ғой.
Бекер ғой бәрі
Бекер ғой бәрі, бөтен ғой,
Өмір дегенің бір күндік сәуле екен ғой... –*
деп таусыла толғанған екен...

Ақын мынау пәни дүниенің өткіншілігін «бір күндік сәуле екен ғой...» деп, еш жаңылыспай тамаша айтқан.

Сол айтылғандай, біреулерге ақылшы аға, біреулерге ізетті іні, қатар-құрбы, қамқор әке, ағайынға ардақты, қызмет бабындағы қадірі бір бөлек Сәкең де жалт етіп өте шыққан жарық сәуле еді...

Жігіттер өз арасында әңгіме айтып отырғанда Сәкең бар емес пе десек, кейбіреулер түсінбей қалып қай Сәкең? - дегенде, «Біздің Сәкең» ғой, - деп айтқанда, сонда бәрі кім туралы айтып жатқанымызды бірден түсіне қалатын. Өйткені, Сәкеңді (Шотықбаев Сүлеймен Қойысұлы) айналасындағы жігіттердің бәрі «біздің Сәкең» деп айтатын. Мүмкін Сәкеңнің өзі айналасындағыларды жатсынбай араласып жүргесін, олар да өзімсініп солай айтатындай көрінетін. Ол да айналасындағы жас жігіттерді менің жігіттерім дейтін. Оның айналасына жас жігіттерді жинап топтастырып жүргеніне кейбіреулер қызғанышпен қарайтындай көрінетін.

Мен Сәкеңмен 2000 жылдары танысқанмын. Ол кезде Атырау мұнай және газ институтының 4 курс студенті едім. Бір күні оқуда жүргенде институттағы оқытушымыз Л.В. Шестоперова шақырып алып: «Оқытып-үйретіп, жұмысқа орналастыру мақсатында екі ғылыми институтқа студенттерді іздестіріп жатыр, соған сені ұсынып едік деп ескертіп, «КазНИГРИ» ғылыми-зерттеу институты ешқандай тәстілеу өткізбей қабылдаймыз деп отыр, ал, екінші «Орталық ғылыми-зерттеу зертханасы (ЦИНЛ)» бірінші 1 ай практикадан өткізеді, содан кейін ғана қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды. Сондықтан, қайсысына барғың келетіні туралы шешімді өзің қабылда» деген болатын.

Ойлана келе, бірінші «Орталық ғылыми-зерттеу зертханасы (ЦИНЛ)»-ға барып көрейін деп шешім қабылдадым. Ол мекемеде бас геолог Балғымбаев Мақаш ағамыздың (бір жағынан ұстазым, 2004 жылы магистратурада магистрлік қорғағанда жоба жетекшім болған) қабылдауында болдым. Ол кісі жас маман геологтарды уақытша сынақ практикадан өткізіп, сынақтан өткен жағдайда институтқа жұмысқа алып қалғылары келетінін, осындай жаңа жоба көтеріп жатқанын айтып түсіндіріп, «Мұнай, газ және су өндіру және дайындау технологиясы» зертханасының бастығына мені практикадан өтуге жіберді деп айт», - деп жөн сілтеп жіберді.

Содан ғимараттың ішін аралап жүріп, үшінші қабаттың түкпірінен зертхана бастығының кабинетін әрең іздеп тауып есігін қағып ішіне кірсем, кабинетте қырықтар шамасындағы жас жігіт отыр екен. Ол жігітке Балғымбаев Мақаш ағамыз практикадан өтуге жібергенін айтып түсіндіріп бола бергенше шыдамай, геология, игеру жөнінде сұрақтарды бірінен соң бірін жаудырып қоя берді. Одан кейін алдыма қағаздарды беріп соны компьютерге теріп, графикалар салып, компьютерді қалай меңгергенімді көрсетуін сұрады. Соңында, «20 күндей практикадан өтіп қара, содан кейін көреміз өтесің бе, өтпейсің бе» деп, менсінбегендей креслосына шалқалап жатып алды. («менсінбегендей» - деген ол мінезін жастарды бір тексеріп, пысытып алайын дегені екенін артынан түсіндік қой...) Менде өтесің бе, өтпейсің бе деген сөзге шамданып қалып, қалайда осы мекемеге жұмысқа кірем деп мақсат қойып, аламыз деп дайын тұрған «КазНИГРИ» ғылыми-зерттеу институтына жұмысқа бармай, сол мекемеден практика өтуге шешім қабылдадым.

20 күн сынық практика біткесін, тағы да ақысыз 3 ай, соңында қосымша 6 ай ақылы практикадан өтіп, институттан дипломымды 5-ке қорғап келгесін, манағы жігіттің жұмысыма көңілі толғандай болып мекеме басшысы Жакиев Карл Тұрабайұлына өзі кіріп, инженер қылып жұмысқа қабылдатып алған еді. «Біздің



Сәкеңмен» таныстығым да, еңбек жолым да солай басталған еді. Бірге жұмыс жасау кезінде тәлімгер ретінде айналасындағы мен сияқты жастарға жобалау, есептеу, геология, игеру, гидродинамика, жаңа технология, жұмыстарды қалай жоспарлау, қалай іске асыру керектігін іс жүзінде сол кісі үйреткен.

Сәкең жұмысқа алғыр, кез-келген мәселені, ойына алған істі аяқтағанша тыным таппайтын, шебер ұйымдастырушы, білгір басшы, досқа адал, айналасын сату дегенді білмейтін, ақкөңіл, қолы жомарт адам еді. Анеқдотты жақсы айтатынын, ардайым көңілді күліп жүретінін, сөзге шебер, әзілдің майталманы секілді қасиеттерін, әрине, араласқандардың бәрі де біледі.

Сәкең жұмысты да күліп жүріп басқара беретін. Өйткені, оның бір жұмысты бастағанда айналасындағыларды да сол жұмысқа ынталандырып үйіріп алып кететін қасиеті бар еді. Сол қасиеттерінің бірі – үлкен жұмыс алғанда ұжымның көңілін әзілдер айтып көтеріп алып, жұмысты уақытында сапалы жасап, тапсыру керектігін де шегелеп айтып кететін. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да бас геолог болып жұмыс жасап жүргенде де, жиналыс бастағанда айналасына қарап алып: «Та-а-ақ, бүгін кімге ұрыссам екен» деп, күлдіріп бастайтын.

Біздің Сәкең, арамызда аман-есен жүргенде биыл Пайғамбар жасы 63-ке келетін еді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында өмір жолы өнеге болатындай із қалдырыпты...

Қысқаша өмір жолына тоқтала кетсек, Сүлеймен Қойысұлы 1959 жылы 25 желтоқсанда Құлсары елді мекенінде дүниеге келген. 1967-1977 жылдары Құлсарыдағы А.С.Пушкин атындағы орта мектепте білім алып, мектеп бітіргеннен кейін еңбек жолын 1977-1978 жылдары Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясында механикалық шеберханада жөндеушінің көмекшісі болып еңбек жолын бастап, 1978-1983 жылдары Грозный қаласындағы академик М.Д.Миллионщиков атындағы мұнай институтында геолог мамандығын меңгеріп, өндірістік практикасын Якутияда өткізген еді.

1983 жылы институтты аяқтаған соң, жолдамамен Сахалин аралындағы Ноглики қаласындағы «Сахалинморнефтегазпром» бірлестігінің «Монгинефтегаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жат елде жүрсе де қатардағы геологтан бастап аға геолог, бөлім бастығы дәрежесіне дейін өскен.

Елге оралғаннан кейін «Теңізмұнайгаз» АҚ-ның «Теңізмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасында аға геолог, геология бөлімінің 1-категориялы геологы, қабат қайтарымын арттыру және ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасында геолог, технолог, цех бастығы болып істеген. «Теңізмұнайгаз»

АҚ-ның нормативті жобалау стансасының бас инженері, «Прорва» мұнай-газ мұнай өндіру басқармасының 1-категориялы геологы, «Теңізмұнайгаз» АҚ-ның орталық диспетчерлік қызметінің бастығы, бас инженері болып та қызмет атқарған.

«Қазақойл-Ембі» АҚ-ның «Орталық ғылыми зерттеу лабораториясында» да бөлім бастығы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына қарасты «Технологиялық зерттеу орталығының» мұнай-газ және су өндіру және дайындау технологиясы» зертханасының бастығы, 2003-2005 жылдар аралығында «Ембімұнайэкология» ЖШС-нің директоры міндетін атқарған.

2005 жылы мамыр айында мұнай өндіру жоспары орындалмай жатқан «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на бас геолог болып жұмысқа шақырылып, өз ісінің маманы ретінде жағдайды тез қолға алып «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның басшыларының алдында тиісті есептемелермен дәлелдеуінің арқасында жылдық жоспарына өзгеріс енгізіп, ұжымның сол жылғы жылдық сыйақысын толық алуға қол жеткізген еді.

2007 жылы «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалына бас геолог, директордың геология және мұнай кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары, 2009 жылы директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған.

2010 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның өндірісті жедел басқару департаментінің директоры, мұнай өндіру департаментінің директоры сияқты жоғары лауазымды да жауапты қызметтер де атқарды.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да өндіру департаментінде директор болып жұмыс жасап жүрген кезінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жоспарын, бюджетін қысқарту керек деп барлық департаменттердің мамандары айтып жатқанда, Сәкең: «Ембінің 40-тан аса кен орындары әр жерде орналасқан және ескі кен орындар, механикалық жолмен өндіргесін бұлардың шығыны көптеу болады. Ембіні демеп, көмектесу керек, мен ол жердің барлық қиындықтарын жақсы білемін, ертең жоспар орындалмаса, барлығымыз жауап береміз», - деп қорғап, «Ембімұнайгаз»-дың бюджетін талай кестірмей аман алып қалған. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның келер жылға арналған өндірістік бағдарламаларын жыл сайын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-на қорғауға барғанымызда, Сәкең сол жиынға қатысса екен деп тілеп отыратынбыз. Өйткені, Сәкеңнің әрқашан Ембіге бүйрегі бұрып көмектескісі келіп тұратынын, қандай жағдай болса да, сүйреп алып шығатынын бәрі де білетін.

Сәкең 2014 жылдан 1 сәуірінен бастап өмірінің соңына дейін «Ембімұнайгаз» АҚ-да бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

Ол тек қана қызметте өрлеп қоймай, қажырлы еңбегі де елеусіз қалмай, жоғары жақта еленіп сан түрлі марапаттарға да ие болды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауын барлау үздігі» атағы да бар еді. Артына халықаралық ғылыми еңбектер жинағына кірген көптеген ғылыми мақалалар қалдырды. Кей мақалалары К.Т. Жакиев, М.Д. Батырбаев, М.Ш. Избасов, Д.М. Мурзағалиев, К.М. Таскинбаев, Е.Б. Аймағамбетов секілді мұнайшы қауымына белгілі, танымал азаматтармен бірге жазған. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ қызметкерлері арасында өткен байқауда 2006 жылы геологиялық барлау және кен орындарын игеру саласындағы үздік мақаламыз үшін Сәкең екеуіміз Астана қаласында екінші орынды жеңіп алған едік.

Сәкең заманауи техника, технология және жаңа әдістерді өндіріске енгізуге құштар еді. Айналасындағы жігіттерге бір ғана институт, университетпен ғана шектеліп қоймай, білімдерін тереңдетіп магистратура, MBA, аспирантура, докторантура оқуды, жаңа технологияларды меңгеруді айтып отыратын. 2005 жылдары өндірісте еңбек етіп жүргенде, бір кездері «болашақта кен алаңдарының деректерін жұмыста, үйде отырып көріп қана қоймай, ұңғымалардың жұмысын қашықтықтан басқаратын боламыз, кен алаңдарын толықтай автоматтандырамыз деп арманын айтып жүретін. Әттең, қазір арамызда болғанда сол армандарының іске асып жатқанын көріп, өзі де атсалысып, сол жұмыстардың ортасында жүрер ме еді?...»

«Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, көзінде оты бар, көкірегі ояу деген жас жігіттерді қамқорлығына алып, тәрбиелеп, білгенін үйретіп, қолынан келген көмегін аямайтын. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да, оның ішінде, «Ембімұнайгаз» АҚ-да да артына көптеген ізбасарлар тәрбиелеп, із қалдырып кеткен еді. Көптеген жігіттердің қазіргі уақытта биік дәрежеде еңбек етіп жатқаны сол Сәкеңнің тәлімгер ретінде өмірге дұрыс жол сілтегенінің арқасы деп айтар едім. Олардың ішінде айта кетсек:

Абат Құтжанов – Мұнай және газ өндіру департаментінің мұнай және газ өндіру басқармасының бас маманы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ;

Нұрболат Құсайынов – Мұнай және газ өндіру департаментінің кен орындарын игеру және өндірістік геология басқармасының бастығы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ;

Данияр Мекебаев – Геология және кен орындарын игеру департаментінің директоры, «Ембімұнайгаз» АҚ;

Бағытжан Нұртазаев – Бас механиктәң орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ;

Серік Әбдиев – «Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығы, «Ембімұнайгаз» АҚ;

Рүстем Әбшеев – «Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және игеру жөніндегі орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ;

Қайнар Қоданов – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бастығы, «Ембімұнайгаз» АҚ;

Шынболат Оңғарсынов – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ геология және кен орындарын игеру бөлімінің басшысы, «Ембімұнайгаз» АҚ;

Мұрат Маженов – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ зерттеу цехінің геологі, «Ембімұнайгаз» АҚ; Аман Имандосов – бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары, «ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС;

Орынбек Тарғынов – Өндіріс жөніндегі директор «Бұрғылау және жерасты күрделі жөндеу», «Қаражанбас» АҚ;

Гуламжан Мусаев – Кен орындарын игеру бөлімінің ұңғыма зерттеу жұмыстарының координаторы «Теңізшевройл» ЖШС;

Мейрамбек Сәрсенғалиев – Экология жобаларының менеджері, «ЭкоНорматив» мекемесі.

2019 жылы шәкірттері болып жиналып, Сәкең арамыздан кетсе де, көңілімізден кетірмей ұрпақтарына, ағайын-тума, дос-жарандарына естелік болып қалсын деп Сәкең туралы «Ашық күндей жарқырап өтті» атты 355 беттік естелік кітабын баспадан шығартып жанұясына сыйға тарттық.

Әттең, Сәкеңнің ғұмыры қысқа болды! Әлі де болса қызметтестерінің қадір-құрметіне бөленіп, жастарды жетелеп, өсе, өрлей түсер ме еді...

**Рауан САБЫРОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ геология және кен орындарын игеру департаментінің бөлім бастығы**

Жуырда С.Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжінде «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ демеушілігімен оқу полигоны ашылды.

Алпыс жылға жуық тарихы бар аудандағы жұмысшы мамандар дайындайтын оқу орнында бүгінде 405 студент 11 мамандық бойынша білім алуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кәсіптік және техникалық білім беруді дамыту бағытындағы тапсырмасы негізінде ҚР Үкіметімен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын орындау мақсатында колледждер базасында құзыреттілік орталықтар құру қолға алынған болатын. Міне, осындай құзыреттілік орталығы жуырда Жылыойдағы аталған оқу ордасында ашылды. Аталған құзыреттілік орталық заманауи технологиялармен жабдықталған 3 шеберханамен – дәнекерлеу цехы, автокөлік цехы, құбыр монтаждау цехы және оқу полигонымен қамтылуы тиіс болатын. Осы бастаманы қолдап, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру, жастарды мұнай-газ саласына тәжірибелік тұрғыда даярлау мақсатында мұнай газ саласы бойынша тәжірибелік оқыту полигонын салуға ұжым болып шешім қабылдадық. Алдағы уақытта оқу полигоны мұнай кәсіпшілігі жабдықтарымен толықтырылатын болады. Өйткені, бүгінгі студенттер – болашақта жергілікті өңірдің мұнай-газ саласын дамытатын мамандар, - дейді **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғибатолла ШАНАЕВ.**

Полигон құрылысы биыл басталған болатын. Колледж басшылығының аутынша, енді мұнай саласы бойынша өндірістік сабақтар оқу полигонында өтеді.

Оқу полигонының ашылу салтанатында аудан әкімі Халел Жамалов пен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғибатолла Шанаев керілген қызыл лентаны қиды. Ал, сөз алған колледж директоры Марат Ибраев тәжірибелік оқу полигонын салуға демеуші болған және құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз еткен мұнай-газ өндіру басқармасы ұжымына алғысын білдірді.



ЖЫЛЫОЙМҰНАЙГАЗ КОЛЛЕДЖІГЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ОҚУ ПОЛИГОНЫН ТАРТУ ЕТТІ



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!
«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).



WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmgp.kz
Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы
Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.